



*Әділбек
Ыбырайымұлы*

Жиреннің тезегі

1993 жыл

Әділбек Ыбырайым

Жиреннің тезегі (Хикаят)

Жапан түзде жалғыз атты ұшыртып келеді. Ол – көкжиек көмкерген сайын даланың жонында көз ұшында ноқаттай боп көрініп, алып қашқан сағымның арасында өрмекшінің торына ілінген шыбындай қалтырайды. Мидай жазықтың төсінде сөйтіп ұзақ уақыт жыбырлап тұрып алады да, бір кезеңдерде ылым-жылым жоғалады. Әлдебір заматтарда қайта дөңестердің үстінде қалбалақтап қаралдысы білінеді.

Астындағы атының қан сорпасы шыққан. Екі өкпесін соғып, сүргін бір сабылысты басынан кешуде. Танауы делдиіп, ащы тер көзіне құйылады. Омыраудан мөлтектеген сор қолтығын қуалап, бір жолақпен сабындана ақ көбікке айналып ағады. Сосын, тізесіне жеткенде қыр жіліншікті қапталдамай қырымен сорғалай, шашасынан түйдек-түйдек боп, абайсызда ойын баласының қалтасынан түсіп қаған сықпадай қылтиып шөптің арасында қалады. Екі шаптың арасындағы ақ көбік одан да қою. Бірақ, борбайдан лықсыған терге ілеспей, сол жоғарыда көбіктеніп тұрып алады. Балақ жүні былшылдаған суға малшынып, батпаққа ұласқан. Лайсаң, ащы тамшы бір түп бетегедей шашадан тынымсыз саулайды.

Ат үстінде аузы-басын ақ матамен орап алған біреу. Бөктеріншегі тоқ, дағарадай екі қабы бар. Ердің алдыңғы қасына да дізесін бастырып, тағы сондай қос теңді теңшеген. Ортасында алшыйып өзі отыр. Жылқының денесіне тиген мөшектің тұсы ақ сабынданған. Ішпектің астынан бүйіріне қарай саулап, қара батпақ ағуда. Ол қойыртпақ жануардың ана-оу кіндік тұсына барып, ұмасымен құлдилап, жерге тамады.

Үстіндегінің оған қарайтын түрі жоқ. Екі өкпеге кезек тепкілеп, межелі жерге тезірек жетуге асығулы. Сондықтан да атын танауратып, аптап пен аңызқаққа қарамай өлерменденеді.

Айдала. Ұшқан құс болмаса, жүгірген аң сирек кездесетін қу медиен. Анда-санда алыстан қарауытып жетімсіреген қыстаулардың, баздардың сұлбасы байқалады. Әбден, жолсыз мидай даланың жадысын жақсы біліп алған жолаушы оларға бұрылмайды. Бұрылмайтыны – онда ешкім жоқ. Бір кезде сыңсыған төрт түліктің отаны, қазір – тіршіліксіз сахара. Жазатайым, мұнда көлігің бірдемеге ұшыраса, қаталап, шөлден ұшып өлесің. Қыста – аязға қатқаның. Бірақ, осы қатерді біліп тұрып, тып-тыныш үйде маза тауып тағы да отыра алмайды. Жүруі керек, баруы керек. Сосын, қыс демей, жаз демей, атына ер салады. Міне, басын сөлкектетіп әкеле жатқан – пенденің пендешілік қаракет-қамы.

– Шү-у!

Ми қайнатқан ыстықта торыны шаужайлай түсті. Жануар әбден сансыраған. Сонда да желе-шоқырақтатқан сарынынан танбай, сағымның ішінде қалықтап барады. Жолаушының да ерні аптап пен аңызқаққа тіліне-тіліне жарылып, тілі аузына сыймай келеді. Атқа ара-тұра осындай сүргінде

ғана аяқ артатындықтан тақымы қарысып, он екі мүшесі салақ-салақ боп қалды. Қазір кішкене шыдаса, сәл аялдайтын бекетке жетеді. Ол жерде көлігін жаңартып, басқа лау мінеді. Сол әрәдікте бір сағаттай табанымен жер басып, тынығуға мүмкіндік алады. Одан кейін тағы да осындай ғаламат сүркіл басталады.

Тынбай шапқылағаннан шапқылап отырып, қызыл іңірде – қоналқыға келесі бекетке ат басын тірейді. Арқаның сары жазығында себезгілеп ұза-ақ бөгелетін жарық сілемі де сол кезде тұтылып, көз байланады. Сонда түнеп, ертеңінде қайыра жолсыз даламен жолға шықпақ.

– Шү-у!

Жан төзбес ыстықтан тезірек құтылуға ұмтылып, байыздамай атын тебінді. Жануар қатты қиналып, мына бір сойқан жүріс әліне тиді ме, пысқырды. Басын сілкіді. Бармақтай-бармақтай ащы тердің бір-екі тамшысы жүргіншінің бетіне шашырады.

Жігіт атының болдырыңқырап қалғанын байқады. Басын сілкігенде, бойын игере алмай шатқаяқтап барып эзер түзелді. Қайта бұл белді жылқы екен. Әйтпесе, мынандай қара суды теріс ағызып жүру кез келген қыл құйрықтының қауқары жете беретін сын емес. Алпыс-жетпіс шақырым аралықты аңыратып, тоқтамай жортуда. Күтімді жақсы көріп, әдейі қайырылып бапталып, еті қатырылғанының арқасында ғана ыстыққа ұшып кетпей мұны алып келе жатыр.

Алыстан мұнартып жер үйдің нышаны байқалды. Бірақ, қасарысқандай жақындатпай, сол көз ұшында тұрған қалпы, тұрды да қойды. Үйді көргеннен-ақ мұның әл-қуаты сарқылып, дінкесі құрыды. Жүрісі өнбей, бір орында изендейтіндей сезінді. Тақымындағы аты да әбден тұралады, өзі де титықтады.

Аспан айналып жерге түсердей ыстық әлі басылар емес. Аңқасын кептіріп, шаршысын оқшырайтып тартқан аспан құшынаштың көзіндей ежірейе қарайды. Бұл нысанадан соң келесі тоспаға бел суытпай аттанатыны жадына оралғанда біртүрлі, қанша жүріп жүрсе де, жолдың ауырлығы әбден жүрегіне тигені сондай, қабағы тыржиды. Бірақ, есіне бопыр ақша түскенде әп-сәтте ширығып сала берді. Басына сәлде тектестіріп орап алған ақ матаны көзіне одан сайын түсіріңкіреп, ердің үстінде қайта нығарлаңқырап отырды.

Сырт көзге артынып-тартынған кәдімгі дуанаға ұқсайтын еді.

Есіктің алдында түтін будақтайды. Ары-бері бір-екі адам жүретін сияқты. Біреуі тапжылмай бұған күн салып қарайтындай. Олар жолаушының кім екенін тап басып тани алмай дал. Бұл ұзақ жолдан сансырап шаршағаны соншалық, жете алмай дінкеледі. Бірте-бірте табандай ілбіп, іргеге тақалды-ау әйтеуір. Сол кезде күн салып қарап тұрған кісі де бұған жылжығандай көрінді. Ол, дәп күткен адамын енді жыға танығандықтан ба, қарсы батыл адымдады. Алдынан шығып, шаужайынан ұстады. Қол беріп амандасып, әбден қара тұяғынан хал кетіп қалжыраған мұның атын үйге қарай жетеледі. Дәл іргеге тақалғанда бұған ерден түсуіне жәрдемдесті. Бірінші ердің қасына байланған қаптарды шешіп, аударып тастады. Сосын жолаушыны сүйемелдеді. Ол жерге табан тірегенде қылтасын жаза алмай, аяғы ұйып

қалғандай шойнаңдай басып, анандай жердегі тура ортасынан қақ бөлінген К-700-дің дөңгелегінің үстіне шойырыла отырды.

Қарсы алушы адам мамырлаған атты тоқтатпай бірқауым жетеледі. Осыдан соң ғана апарып, салқын жабық лапастың астына қаңтарып байлады. Ерін сыпырып ап, тоқымдарын күннің көзіне жайды. Көтерілмесін деп бірден аттың арқасына құрғақ ішпек тастап, айылмен тартты. Содан кейін барып жолаушыға ден қойды.

– Қалай, аман-есен келіп қалдың ба?

– Келдім. – Басындағы сәлде тектес оралған шүберегін сыпырып, қобыратып дізесіне қойыпты. Күн жеп әбден түтіккен маңдайын оң қолымен сүртіп, ауыздық түсіп базданған ернінің қиуын бас бармақ пен сұқ саусағын иіп әкеп сүртті.

– Қатын-ей, сусын әкел! – Жапалақ көз, қайыс қара босаға жақтағыларға қоразша қыдыып, ақилана қалды.

– Әкеле жатырмын, әкеле жатырмын! – деген булығыңқы үн үйдің ішінен құмыға шықты.

– Ат дайын ба? – Жүргінші бозарған көзін сығырайтып, үйдің иесіне аударды.

– Дайын. Шайыңды ішіп әлденіп ал, содан кейін шығып кетесің.

Әне-міне дегенше бір сағат зу етіп өтіп, уақыт сырдақ қақты. Біраз демін алған сияқты, бірақ салдыраған аяқ-қолын тым ауыр сезінді. Тек үзенгіге аяқ артып, тың атқа мінгенде қунап сала берді.

– Ал, жолың болсын! – деді жапалақ көз. – Екі қонып ораласың ғой, Құдай бұйыртса?

– Иә.

– Мынаны алып алшы, – деді оның да әйелі құрақ ұшып, – ерніңе жағып отыр, кілегей ғой.

– Мақұл, әкеліңіз. – Ер үстінен еңкейіп қолын созды. – Рахмет!

Тебініп қалды. Көк ат атылып сала берді. Сол шапқан беті көгілжім көкжиекке бұлдырай сіңіп, көзден тасаланып та үлгерді.

– Қайран ат қор болды-ау, – деп күбірледі отағасы.

– Оған несіне жаның ашысын, Құдай жаратқанда хайуанды адамның игілігі үшін жаратқан. Қиналады, бірақ екі күннен кейін қайта қолыңа тиеді ғой. Алақаныңа қарға да саңғиды. Тәңірім бала-шағаны несібінен қақпасын.

Салтақ етекті мықыр әйел көн ернін сылп еткізді. Ері оған жауап орнына:

– Е-е-е... – деді діңкесі құрып. Сосын өз бетімен мақсатсыз қора жаққа беттеді. Қатынына ләм деп ауыз аша алмады. Өйткені, шынында да, айдаладағы жапан үй ақшаны осы көк аттың терімен ғана аракідік көреді. Өйткенмен, мұндай қиямет-қайым кешу – обал-ақ.

* *

Орта шабыспен тікіректете отырып, бірқауымнан соң сағатына көз жүгіртті. Кешкі он бірден ауып барады, әлі жарық. Арқаның оңтүстікке қарағанда күні ұзақтау екенін аңғарды.

– Қазір, жақын қалдым. – Өз-өзіне дем беріп, күбірлеп қойды. – Енді екі кезеңнен өтсем, үш-төрт сағат демалу мұрсатын иеленемін.

Батыс жақ қып-қызыл шапаққа малынып, күн еңкейсе де, ыстықтың беті қайтар көрінбейді. Жүргіншіге әлем шаңытып, тынысты тұтып қалғандай сезінді. Көзі қарауытып, басы айналғандай күй кешті. Өзінің сілікпесі шығып, әбден қажығанын білді. «Таң тезірек атса екен» деп ойлады. «Қайдағы таң, әлі күн батып үлгермесе» деп, екінші дауыс қарсы тұрады. «Жоқ, шалы бар үйге жетсем, ұйықтаймын. Шолпанның қалай тез туғанын білмей де қаласың. Алғашқы бозторғай шырылдағанда жолға шығамын. Құдай құтқарса, ертең бесінде мына алапаттан құтыламын. Қайтар жол оңайға түседі. Себебі, ақша қолыңа тиеді. Ақша болған соң қуат та, қажыр да бойыңа құйылады. Көңілің де көтеріледі...»

Ит үрді. Тіпті киіз үйдің іргесіне де таяныпты. Оймен алданып, соңғы бір-екі кезеңді қалай өткенін байқамаған.

Ошақтан түтін будақтайды.

Біртүрлі жігіт қуанды. Келесі бір тосқауылға тірелгеніне емес, қазақтың қараша үйінен түтін шыққанына елжіреді. Әдеттегідей есіктің алдында екі кішкене баланың шошайған төбесі көрінді. Олар арпылдаған барақы төбеттің соңынан бұған аңтарыла қарап, селтие қалыпты. «Шал қайда екен?» деп ойлады. Сөйткенінше киіз үйдің босағасынан бас қылтиып шығып, ізінше шалдың толық сұлбасы байқалды. Көк атты бірден таныса керек, бұған ата қаздай мамырлай баса адымдады.

– О-о, бәрекелді! Жеттің бе, қыраным? – Құрақ ұшып, үзеңгісіне орала берді. Жолаушы:

– Ассалаумағалейкүм, – дегенді зорға айтты. Екі дізесін басып қалған алдындағы қаптарды тырмыса лақтырды. Қарысқан тақымы жазылмай, белі шойырылғандай бүгежектей жерге түсті. Көк ат ебіл-дебілі шығып, ілгерінді-кейінді дем алады. Бауыры тұтасқан қара батпаққа айналыпты. Кіндігінен қара тер тырс-тырс тамады. Солығын баса алмай, екі бүйірі тынымсыз шеңбірек атады.

Өзінің де халі көк аттың жайынан алшақ емес. Таңдайы кеуіп, тілі аузына сыймай тұр. Бет-аузы аптап керіп, тырысып қалған. Тілінген еріндері ашып, жанына тиеді. Ашығаны өз алдына, аяз шалып үсіткендей сөйлеуге икемге келмейді. Әрі бірдеме айтуға құлқы да жоқ. Бұрылып, сырт айналды.

Қара сирақ екі ұл аузын ашып, мұның адам шошырлық ұсқынына үрейлене көз тігеді. Күнге күйген, тотыққан қап-қара оның өңінен екі көзі ғана жылтырайды.

Аяғын солтақтай басып, ескі керегені арқасымен солқ еткізе жерге құйрық төсеп, іргеге отыра кетті. Быршыған маңдайын қолының сыртымен сұртты. «У-уһ» деп, тереңінен күрсінді. Сосын шалға қарады.

Осы уақытта жас келіншек сапар кесе толы салқын, ашыған көжені бұған ұсынды. Қолы дірілдей шыныны алды. Алды да опыға жұтты. Әп

дегенше сусынды өңешіне құя салды. Саусағы қалтыраған қалпы ыдысын қайырды. Әйел зып еткізіп кесені іліп ап, босағадан әрі өтті.

Қорқасоқтап жатсынған екі ұл босағадан бастырмалата бұған жылтың-жылтың қарайды. Түрлері үрпиңкі. Жапан түзде жыртқыш аңмен бетпе-бет ұшырасқандай үрейлі кейіпте.

Шал анандайда атты дамыл таппай жетектеп жүр. Құдықтың басына апарып байлады да, бір-екі шелек суық суды жануардың үстіне сарылдатып құйды. Ыстық ұрып, түтіккенін бассын дегені. Содан ары қарай тағы да елпендей жетелей жөнелді. Қаталаған жылқы науаға ұмтылып еді, еркіне жібермеді. Әбден таң асқан соң, суығаннан кейін суғармаса, «тышқан» болып қалатыны бесенеден белгілі.

Күн әлдеқашан ұясына қонса да, шапағымен төңіректі қан қызыл бояуына малып тұрып алды. Біраздан соң маңайды іңірдің ала көлеңкесі тұмшалады. Сол кезде ғана шал атты мамағашқа байлап, үйге беттеді. Жігіт әлі іргеде қозғала алмай отырған.

– Амансың ба, балам?

– Шүкір, ақсақал.

– Қашан шықтың?

– Әдеттегідей, осы араға дейін бір қондым.

– Ым-м... – Қария жүргіншінің сықпытына барлай назар аударды. Әбден түте-түтесі шыққанын көрді. «Кішкене демін алсын, қажытпайын» деп қорытып, теріс бұрылды.

– Әй, балалар-ей, шайларыңды әзірлеңдер! – Қарлығыңқы даусымен пәрмен беріп қойды. Бірақ онысына елп етіп жүгіре қойған ешкім болмады.

Жарықтықтың, әйтеуір, айтқаны... Жастарға не дей қойсын.

Онша көп зарықтырмай дастархан басына шоғырланды. Қария төрге жайғасты да, оның сол жағын ала жолаушы отырды. Ал екі кішкене ұл бала шешесі мен атасының ортасына шошайып-шошайып қоныс тепті.

– Шай ал, балам. – Қария өзіне ұсынылған кесені жігітке жылжытты.

– Жоқ, ала беріңіз.

– Ал, ал! Ұялма! Кенезең кеуіп, жолдан келдің. Алаңдамай қанып ал, ертеңгі көлігің дайын. Құдай амандығын берсе, түске таман Қарағандыға да жетесің. Ал қайтарыңда көк атың тынығып тұрады.

Жігіт басында сыпайылық танытқанымен, шал мұрсат бергеннен соң оптыға сораптады. Бірден маңдайынан суық тер бұршақ-бұршақ домалады. Жан-жағына қарауға мұршасы да жетпеді, табаққа еңсесін салып, тамақты асады. Шал ара-тұра бір тиіп қойып, оның анайылау қимылына көзінің қиығын төңкереді. Үрпек бас ұлдар да тосындық кеппен антарылады. Келіншек те көңіл бөлмеуге тырысқанымен, көзқұмарлық еріксіз жолаушы жігітке апарып тірей береді. Ол бір кездерде барып, ар жағына ел қонды ма, сілемейлеткенін саябырлатты. Осыны бағып отырғандай қария:

– Жол әбден-ақ соғып тастапты өзіңді, – деп қойды. Онысы әңгімеге тартпақ ниеті еді. Бірақ, тілін бұған өгіздей, жуық арада қонағы тіс жармады. Жапандағы жалғыз үйде қарияның зарыққаны сондай, сөйлеуге ынтық

таңдайы қышып дамыл таптырмайды. Әйткенмен, мынаның сыңайы қасында он күн отырсаң да ішінен бірдеме шығарып айта қоятын пендеге ұқсамайды.

– Һм-м! – деп, қария жөткірініп, дастарханнан кейін шегінді.

Мұнысы енді қонағына кейігені.

– Осымен төртінші рет кетіп барасың, ә-ә?

– Иә.

– Жол азабын жүрген біледі.

– Шаршадым. – Жүргінші жан қалтасынан темекісін шығарды.

– Осы күні елдің бәрі үйінде байыз тауып отырмайтын халге жетті. У-ух.

– Ауыр күрсінді. – Біздің де, міне, мұнда табан тірегенімізге үш жыл. Әлгі жаман ұл Қарағандыға кетіп еді.

– Бұрын қайда тұрып едіңіздер?

Нұры тайған кәрі көзде жылт етіп, әлдебір оттың ұшқыны байқалды. Шал жігіттің сауал тастағанына қуанып қалды.

– Жетісу өңірінде... – Көкірегі қарс айырыла тағы да күрсінді. – Дәм айдап осында келдік. Құдайдың бұйырғаны да...

Бұл уақытта жолаушы көк түгінді ширата көкке үрлеп, рахат бір күйге енген.

– Балам, бізге төсекті сыртқа сал, – деді қария ыдыс-аяқты жинай бастаған келініне. Осыны айтты да қопандап, орнынан көтерілді. Жігіт те сал боп қалған аяғын солтақтай сүйреп, әзер қозғалды. Ер соққан тұла бойы өзінікі болмай қалыпты.

Сыртқа шықты. Шал мамаағашқа беттеді. Жігіт соңынан ілесті.

– Жануар тыңайып алыпты. – Қария көк атқа сүйсіне назар аударды.

Жігіттің санасына ол жағы кіріп те тұрған жоқ сияқты. Ең бастысы: болдырмай, діттеген жеріне жеткізсе жарады. Қолына уәделі ақшасы тисе, бітті. – Біздің де жирен ертеңгі сойқаныңа дайын, – деп, иегімен бұзаулар қамалған шарбаққа байланған бір жылқыны нұсқады. – Үш қос уыс арпа бердім де, әдейі таң асырып тастадым. Таңертең суарасың да, тартасың. Амандық болса, өлі қонаға қайтып ораларсың.

– Амандық болса... – Немқұрайлықпен жауап қайырды.

Екеуі далаға, ашық аспанның астына салынған төсекке жайғасты.

– Ұйқы қашқан жастамын. – Бас жаққа жастық орнына төселген күпәйкеге қисая беріп, тағы да қария тіл қатты. – Уайым көп, ой қалың. Тұс-тұстан қамалап, бәрібір ұйықтатпайды.

Ендігі үндемей қалуын ыңғайсыз көрді ме:

– Жетісудан бұл жаққа қалай қоныс аудардыңыздар? – деп, жігіт әдейі көңіл үшін сұрай салған.

– Жалпы, күпіршілік болмасын, мен сорым қайнаған адаммын. Бірақ осыған да шүкір деймін. – Көкірегімен жер жырта тағы күрсінді. – Кәрі қойдың жасындай ғұмырың қалғанда, кубас атанған жаман екен. Үлкен бір қара орманнан – шаруасы тынған шалдың – мына менің ғана көзім тірі. – Даусы кемсеңдеңкіреп шықты. Шалқасынан жатқан жолаушы еріксіз қарияға назар аударды. Кенет оның көзінен бір тамшы жас үзіліп түсті де, бетін

қуалап кеп сақалына тамды. – Қайран, қарғам, елдің балалары құсап ит аузына ағаш тығып, сандалтқан заманда сандалып жүрсе де ырза едім ғой.

Арада санаға ауыр салмағын салған үнсіздік орнады.

– Иә, мен де жас болғанмын сендер сияқты, – деп бастады үй иесі. – Ерден түспей үш күн, үш түн жүруге жарайтын ек... Енді, міне, іргесін су мүжіген жардай опырайған шалға айналдық...

* * *

Мәуелі ағаштардың жапырағы қылтиып, жаратушының рахымына енді саусақтарын жая ұмсынған. Арқанның құрыс-тұрысын жаздырып, бойыңды сергітетін көктемнің көгілжім шуағы мың бір ғаламды алаламай заңғар көктен құйыла түседі. Осынау ұлан-ғайыр мейірімділіктің аясындағы тіршілік атаулының бәрі ерекше шаттықтың құшағында.

Бес-алты қойын күнделікті қырға айдап, ер үстінде тақымы талып, белі сырқыраса үйге қайтатын Адайбек шалдың да көңілінде тасқын бар. Жүрегі алып-ұшып, қала жақтан келетін қара жолдың бойына ұзақ қарайды. Үйдегі кемпірінің де әжім тырыстырған маңдайы жазылып, бойынан қунақылық байқалады. Әншейіндегі «әне жерім, міне жерім» дейтін ыңқыл-сыңқылы ұмытылғандай құнжың қағады.

Зүпін мен Адайбектің отау тіккендеріне отыз екі жыл өтіпті. Содан бері жер қойнына қаншама кішкенелерін беріп тынды. Әйтпесе осы уақта Батыр ана атанып, бәленбай немерелі болар ма еді. Қойсаңшы бұл жазғанды. Соншама аңыратарлықтай Құдайға күнәһар атанған тұсы жоқ сияқты-тұғын. Талай балпанақтай-балпанақтай балалары ауырмай-сырқамай, бір-ақ түн жылап, сібірлеп таң ата бастағанда шетінеп жүре беретін. Ауыл адамдары сан мәрте Зүпіннің жоқтау салған даусынан оянып, осы үйге үрейлене бет қоятын. Емшектегі сәбилерінен айырылғанда ет-жүрегі езіліп, еңсесін көтеруге жарамай сұлдерін сүйрететін. Ал қылығы шыққан, екі-үш жасқа кеп қалған Құралай, Жасұлан, Ғазиздері аналарының жарты ғұмырын ала кеткен тәрізді. Айға жуық есі ауысып, қойған нәрсесін қойған жерінде ұмытып, бір кездегі ажарлы жамалының реңі кірмей, жүдеп жүрді. Ол да ештеме емес, он үшке іліккенінде ат сүйретіп өлтірген Мәжиттің қазасы – әкесін де, шешесін де күйрете соққыға жықты. Кішкене бала көрсе болды кеңсірігі ашып, жанарларына жылбысқы жас кептелетін. Оның үстіне көрші-қолаң да бұларға сыр бермегенмен, үрке қарайтын сықылды. Өздері араласқанмен де балаларын әкелмейді. Әрине, перзентке мүдүәр жүрек кекілі үлбіреп бір әкебас көрінсе маңдайынан сипай алмай тұрмайды. Олардың бұл ықыласын басқаша түсініп, баланың ата-анасы іштей секем алып қалса ше? Соны ұғынып, қанша зауқы шапса да балаға көңіл аудармауға тырысатын.

Құдай алудай-ақ алғанмен, беруден де мырзалық танытты. Ызғарлы өмірдің сүркілінен жігерлері түгесіліп жүргенде Қайраттары дүние есігін ашты. Ол апыл-тапыл басып, былдыр-былдыр тілі шыға бастағанда Жағыпар туды. Әке мен шеше бәйек боп, «Тәңір осыларға қуат берсін, алдыңғылардың жасамаған жасын жасасын» деп, асты-үстіне түсетін. Мән-жайды жақсы

білетін төңіректегі ел, тағы да кішкентай күшіктердің төбесі көрінген соң, бұл үйге кіріп-шыққан сайын «Тіл-көзден сақтасын!» деп түкірінумен болады. Бірақ жүрегіне о бастан қыпыл енген ана балалары сәл сырқаттанса да шыр-пыр қағатын.

Арада тағы бір жыл өтті. Қайраттың тілі анықталып, атасы үйге енсе, шамасы келсін, келмесін жастықты сүйрелейтін. Сыртқа шықса қосамжарласып, мамаағашқа беттейтін. Тезірек бармасаң аттың бауырына кіруден тайынбайды. Ерге мінгізіп, сосын барып қана үзенгіге аяқ саласың. Әйтпесе тастап кетеді екен деп шырқырап, қолды-аяққа тұрмайды.

Түскі әлетте Адайбектің өзімен қарайлас бір бейсауат жүргінші түсе қалды. Қайрат «аталап», әдеттегіше жастыққа жармасқан. Оны көрген қонақ: «Ой, мынау азамат болайын деп тұр екен!» – деді сөз арасында. Одан кейін де ерке ұл балаға тән өз сауалдарын қойып, былдырлаудан танбады.

Бөгде жолаушының аттанғанына көп ұзамай, Қайрат мазасызданып, жылай бастады. Сәт сайын ыстығы артып, ойнап жүрген бала аяқ астынан мұрттай ұшты. Жанағы кісінің әлгі бір сөзін көңіліне кіді алған Адайбек соңынан түре қуды. Көз көрмес кезеңдерден асып ұзаған жолаушыға жеткен бойда астындағы қан сорпа атын көлденең тартып:

– Балам науқастанып қалды, түкіріп берші! – деп қолқа салды.

– Ауылдан шығып кеттім, қайта бұрылу – жаман ырым. Әрі менің тіл-көзім осы уақытқа дейін ешкімге тиген емес! – Сандағын борбайға бір салды да, ілгері жүре берді.

Сүлдері сүйретілген Адайбек үйіне оралғанда, бір жапырақ қана Қайрат сұлқ жатыр екен. Әйелі оны кеудесіне басып, алау-далау қалпы азынап отыр.

Жайлаудағы іргелес көршісі де келіпті. Үрейден жылаған Жағыпарды солар уатып әлек, бірақ кішкене нәресте шырқырай берді, шырқырай берді. Ол да жалғыз бауырының әл үстіндегі дәрменсіздігіне азалы тәрізді.

Күн ұясына кіріп, сам жамырай бастаған кезде нәрестенің де жаны жәннаттан барып шыққан. Сол уақ Зүпін мен Адайбек үшін мына әлем төңкеріліп түсті. Тірлікте опа жоқтығына күйіне жылады. Іші-бауыры, қолқа-жүрегі суырылып, кеуделері жансыз кеуекке айналғандай.

Қайратты өз қолдарымен жерлегендері бірде естеріне түссе, бірде осының бәрі көрген түстей әсер етеді. Тек иіскесең жұпары мұрын жарар бір жапырақ көйлектерін көргенде анасы аңырап жөнеледі. Әкесінің көл-көсір жасы етігінің қонышына тамып, үнсіз егіледі. Томпаңдаған бейнесі елестегенде алпыс екі тамыры иіп, өрісте сан мәрте ерден ауып қала жаздаған. Сосын тауға да, тасқа да мұңын шағатын.

* * *

Әңгімеші шалдың барлығыңқы үні жігіттің жанын әбден баурады. Тіпті мына тұсына келгенде абайсызда тереңінен тыныстап, кеудесін басына жасталған күпәйкеден көтеріп алғанын аңғармады. Арқасы сіресіп қалыпты, кішкене тыжырынып барып, бас жағына тастай салған жейдесінің қалтасынан темекісін іздеді. Шал бір уақ сөзін доғарып, мұның қимылына

сығырая қарайды. Жігіт баппен темекісін тұтатты. Екі-үш рет көк түтінді бұрқ еткізіп:

– Менен ондай қырсықтың ұштығын аңғарған жоқсыз ба? – деді беймағұлым бағытқа қараған қалпы. Дала сүттей жарық, оның бетінің түгіне дейін анық көрінеді.

– Жо-жоқ, – қария абдыраңқырады, – сен бір хат тасыған кептер сияқтысың. Бойыңнан жаманшылықтың сызатын аңғарсақ, сырт айналар ек. Өйткені әбден жүрегіме тиген жайт шайлықтырып біткен.

– Әйтеуір, кесепатым сіздерге тимесе екен...

– Қайдағы кесепатты айтасың, балам? Сенің осындай қиын-қыстау кезде шарапатыңды көргеннен басқа, тырнақтай залалың тиген емес. Қанатымен су сепкен қарлығаштай аузымызға дым татырып, бір күнге мінген атыңның теріне бола мынау ши борбайлардың нәпақасын Алланың періштесіндей тастап кетесің.

– Періште емеспіз ғой...

– Періште болмасаң да жақсы адамсың.

– Қайдам, күмән келтіремін.

Екеуі де үнсіз қалды. Жолаушы темекісін тартып болып, топыраққа нығарлап сөндірді. Шал ернінің астындағы насыбайға еліткен қалпы, шырт еткізіп бір түкірді.

– Қай-қайдағы сауалыммен сіздің әдемі әңгімеңізді бөлдім, кешіріңіз, сонымен соңы қалай болды?

Қария бір күрсінді де, малдас құрып отырған қалпы сонау көк қойнындағы жұлдыздарға аңырды. Селдірлеу сақалын болмашы лүп еткен самал дірілдетіп өтті.

– Қолымыздағы жалғыз ұлды қалдырғанына да жаратқан иемізге мың мәрте тәуба айтып, жүріп жаттық. – Сөзін алыстан ширатқан қарияның зарлы да мұңлы үні жолдан шаршап, ындыны бір ғана төсекті аңсаған пәтшағардың зиынын біртін-біртін жаулай берді. Өзінің де жаны шалмен бірге күйзелгенін бағамдамады.

...Ол да бір үскіні қатты тағдыр өтіндегі нойыс желдің жүдемелдете соққанына шыдамай жүрмесе екен деген ата-ана тілегі күніне сан мәрте қайталанатын. Әйтеуір көздерінің жасын шыра етіп, әздекей жеткізген Жағыпары отау тігетін жасқа да ілікті. «Ата, келін апарамын, дайындала беріңдер!» деген ұлының сөзіне бола еңсесін салып, өбектейді. Ілкідегі теперіш те, жапа да осы бүгін түгесіліп, тірлік атаулының барлығы тек қуаныштан тұратындай көрінеді. Сондықтан болар, сағыммен ұласқан қара жолға еркінен тыс бір күш әлсін-әлсін мойын бұрғызады. Қарайды да, көзіне дәнеме шалынбаған соң жан қалтасынан шақшасын алып, насыбайды ернінің астына көміп кеп жібереді. Сосын әлгінің қуаты өне бойын тыз еткізіп, жанын жадыратып, тызақтаған шыдамсыздығын байыз таптырады. Өйткенмен ол байсалдылығы жөпелдемеде шектен шығып, тағы да сол шарттылықпен дамыл-дамыл көкжиекпен астасқан жолға көзін сүздіреді. Бірақ, дәл бүгін мұның сабырын сынайын дегендей, көз көрім маңның бәрі мелшиген қалпы миземейді.

Нұры тайған жасық жанарының аясына жас толғанша қадалады. Ақыры барып, амалсыз қолы жан қалтасын іздегенін де аңғармайды.

Кенет, сан-саққа бөлініп пышыраған санасын өзіне аударып, жойқын тажал гүрс ете қалды. Аспаннан Қап тауы құлағандай бұйығы жер солқ ете түсті. Бір сәт табанының асты дірілдеп барып басылды. Тақымындағы шажа байталы біреу шыжымын оқыс тартқандай басын жерден жұлып ап, жан-жағына сезіктене қарады. Жалғыз ол ғана емес, әншейіндегі момын да самарқау саулықтарға дейін елеңдесті. Әуелі, үшем лақтайтын көк ешкі ұзын құлақтарын қалқайтып, сақалын сапситып, дыбыс шыққан жаққа ұзақ қарап тұрды да, пысқырып жіберді. Оның бөгелгенін көрген үш шұнағы ойнақтап кеп бауырына жабысып еді, ашулы ешкі мүйізімен қағып тастап, жүріп кетті.

Адайбектің кешке қарай денесі ауырлап, басы зеңгіді. Жас келіп, саркідір тартқаннан шығар деп жорамалдады. Ат үстінде отыра алмай берекеті қашқан соң, бүгін қойын өрістің төріндегі жалғыз түп жыңғылға дейін жая алмай, орта тұстан қайырды. Үйге келген бетте Зүпінге төсек салдырды да, ішігіне оранып қисая берген. Сосын кемпірінің «тұр-тұрымен» жүріп, кешкі ас-суын ішкен сияқтанды. Бағанағы бағанағы ма, маңдайы сынып барады. Мұндайы жоқ сияқты-тұғын, қайдан жабысқанына қайран. Табаға салып қуырғандай, қу жаны безектейді. Ұйқы да жоқ, кемпіріне тіл катуға да зауқы соқпай ұзақ иленді. Тек жалғызының келін әкелетін сәті жақындағаны жадында қылаң етсе сақайып, бойы сергитіндей. Мұндайда таң да атпай, діңкелететіні бар. Күйзеліп жатып мезгілдің қанша болғанынан да бейхабар. Әйтеуір тастай қараңғы. Қараңғылықтың өзі сығымдап, тұншықтыратын тәрізді – ауа ауыр.

Бір кезде жүйкесін жұқартып, құрысқан шекесі жазылғандай әсер танытты. Қараңғылық та сібірлеп атқан таңнан ығып, жылыстап барады. «Е-е, есекқырған туған екен ғой» деп ойлады. Одан арғысы есінде емес.

Түнімен айқаспаған кірпік іліне қалыпты. Есіктің тарс-тарс етіп, бәйбішесінің «қазір-қазір» деген даусынан оянды. Сырттағы адам «шүйінші, шүйінші!» дейтіндей. Оның кім екенін де бағамдай алмады. Әйтеуір заты әйел екенін ұғынған.

Орнынан қалай атып тұрғанын да аңғармады. Сасқалақтаған кемпірі есікті ашқанша бұл да қасына жетті.

Есік шалқасынан түсті.

– Көрімдігіңді бер, апа! Келін келді! – дейді көршісі Бипа.

– Ала ғой, күнім! Не қаласаң да бердім! Бүгінгі күн елден аяйтын ештеме жоқ.

Зүпіннің иегі кемсеңдеп, нұры тайған жанарынан жас тамшылары үзіліп барады.

Баяғыдан күткен осы қуанышты естігенде, Адайбектің қапелімде аузына сөз түспей, не орнынан қозғала алмай сілейді де қалды. Тек қақпаның алдына жеңіл машина көлденеңдеп кеп тоқтағанда барып, ата жөнелді.

Далаға жалаң аяқ шығып кеткен екен. Ілгері озып, кемпірі есіне оралды ма, соңына қарады. Зүпін де етегіне шалынып, кебісін кие алмай әуре. Сөйткенінше дарбазадан Жағыпар балауса қызды жетелей енді. Сол сәт,

қайдан екені белгісіз, шашу жауды да жөнелді. Алғашында байқамапты, шағын ауылдың тайлы-таяғына дейін қалмай осында жиналған сыңайы бар.

Өзіне екі-үш адым қалғанда сәлем салған қыздың қылпын көргенде кеудесін кернеп, жүрегі толқыды. «Ай-на-а-лай-ын» деген сөз аузынан еріксіз шықты. Тарамыс-тарамыс алақанын алдыға ұмсынып, маңдайынан сүйді. Жағыпарды да бауырына қысып, бетінен өбіп жатыр. Зүпін де келінінің мойнынан орап құшақтап, «өңім бе, түсім бе?» дегендей көзін тарс жұмып алыпты. Әйтсе де қуаныштан ағылған жас кимешегінің омырауын жуды. Сосын жалғызының маңдайынан иіскеп, сүйіп, иі қанбай ұзақ тұрды.

– Зүпін-ау, балалардың бетінен біз де сүйейік те! – деген ашық дауыс саңқ етіп естілгенде барып ұлын босатқан. Содан кейін көзінің жасын сүртіп, даусынан айнымай таныған құрдасы Құрбыжанға қарады. Ол да қуанышқа ортақтасып, жеңіл әзілмен өз ниетін білдіруде.

Елден айналайын, бүгінгі абыр-сабырда кемпірді сабылтпай, осы үйдің отымен кіріп, суымен шығып жүр. Әп-сәтте мал сойылып, бауырсақ та пісіріліп үлгерді. Өздері біраз желпініп алып, көп ұзатпай ауыл-аймағымен жабылып құдаларды да күтті, тойды да атқарды. Кемпір мен шалдың өміріне енді ғана рең кіргендей, тірліктеріне енді ғана шұғыла жүгіргендей, көңілдері бір масаттанып қалып еді.

Осы шақта Сарыөзекке жер-жерлерден пойызға тиелген өңкіген тажалдар жөнелтілді. Атом деген әбілетті алып құзғын құсқа теңесек, мынау соның болат жұмыртқалары іспетті. Күнмен шағылысып, бәлекеттер көз қарықтырады. Оларды стансаның басында көп аялдатпай, Орта Сарыөзекке аттандырады. Ол жер тастақ емес, құмды шүңейт-тұғын. Құм қашан да бұйығы, құмда адам аяғы сирек екені де белгілі. Бұл аймақты осынысына бола таңдаған шығар. Бір кезде ғаламат ғалым Курчатов бас болып жанталаса ізденіп, зерттеп, ойлап тапқан «жаңалықтарын» енді жер жастандырып, жаһаннамға жібермекші.

Адамды қыру үшін жасалған қару міндетті түрде қазақ топырағында залалсыздандырылуы керек сияқты. Сырдан сығанақ өткен құла ауыз «бақалшылар» «Жан баласына ешқандай зобалаңы тимейді» дегенменен, әулікпелердің онысына сенуге болмайтын еді. Ол тұрмақ, сіріңке шақсаң да күкірттің ащы иісі мұрынға келмеуші ме еді.

Америкада үндістерге қалай қараса, бұл жерде қазақтарға да сондай көзқарас қалыптасқаны белгілі. Олар үшін тұтас бір ұлттың, мемлекеттің құны – қара судай кенеуі жоқ нәрсе. Сондықтан да жыланбауыр составтарға мініп алған аждаһалар Сарыөзекте түйісіп жатты, кезекпен жарылып жатты. Онысыз да зәрурет науқасы қабындаған манды сағымға ұласып көзге көрінбес залал жайлай бастаған.

Зүпін келінінің мезгілі жақындаған сайын кәрі жүрегі тулап, іштей қуаныштың шуағына малтитын. Ұялып, бұйығы бала неме әлдебір жерінің сырқаттанғанын айтпай қояр ма деп, оның құбылыстарын жүріс-тұрысынан аңғаруды әдетке айналдырды. Жерігі қанбай жүрер деп, қолын ештемеден қақпады. Уақыт өткен сайын Гүлден де әбден іші-бауырына еніп, бастапқы ұяңдығы ұмытыла бастады. Әпі кіріп, күпі шығып, атасы мен апасының

колын ұзартуға тырысып бағады. Олар, керісінше, бір жерінді ауыртып аларсың деп бәйек болатын.

Күндіз атасы мал бағып, Жағыпар жұмысқа кеткен кез – апасы екеуі үшін шұрайлы шақ. Енесі қазақтың жол-жоралғысын айтып, келін нені білуі тиіс – соны үйрететін. Сол сәт қызықты әңгіменің де тиегі емен-жарқын ағытылушы еді. Атасы да «Гүлденім келіп, жанымыз жаздай жадырап сала берді ғой» деген сөзді күніне әлденеше рет қайталайтын. Осының өзі-ақ жат жерге түскен келіншектің нәуетек жүрегін мейірімге мелдектететін.

Айы-күні жетіп, толғақ басталды да, Гүлден ауылдағы шағын ауруханаға түсті. Зүпін қужаңдап, ажарлана масаттанғанымен, көңілінде қыпылы жоқ емес.

Бебеулеген келінінің даусын естіп, перзентхананың босағасында мелшиді. Тезірек қол-аяғын бауырына алса екен деп, Бибібәтима піріне сиынғанымен, төзімі сарқыла береді. Сөйтіп, қанша айбынғанымен, толғақ ұзарған сайын біртіндеп жүні жығыла бастады. Сосын «қой, тызақтап асыққаным болмасқа» ұйғарды.

Бұл бүйтіп қарлығаштай шыжбық боп, келінінің қасынан ұзамай тұрғанда, үйде Адайбек пен Жағыпар байыз таба алмады. Шал қора-қопсыны аралап, әр нәрсені бір түртпектеп, ішке кіргісі жоқ. Әлдекім жақсы хабар алып «шүйіншілеп», әне-міне жететіндей, сыртта жүр. Ұлы болса теледидарды қосып қойып, мән-мағынасыз құр бетіне телмірген. Көңіл-көзі жұбайының жанында.

Толғақ қысқанда Гүлден тұла бойын ит тырнап жатқандай – бір бүгіліп, бір жазылады. Белдемесі үзіле жаздап, әлдебір нәрсе созыла тартылғанда төбе құйқасы шымырлай жөнеледі. Сандырақтап бірдемелерді айтқан болады, онысының көбісі айқай. Безгек тигендей аласұрып, қара терге шомды. Терлеген сайын әлсірей түскендей. Тамағы да қарлығып, сырылдап қалды. Кенет қу жанын көзіне көрсетіп, қолқасы жұлынғандай ішкі әлемінде бір тойтарыс болды. Құлындағы даусы шығанға жетіп, шорт үзілді.

Босағада тұрып мұны естіген ананың онысыз да бей-жай көңілі өрекіп, тызақтай берді. Аман-есен босанды ғой дейін десе, жылаған нәрестенің іңгәлағаны естілмейді. Не Гүлденнің үні шықпайды. Тек іштегі дәрігерлердің күбір-күбірі мен аяқ тырсылдары ғана аңғарылады.

Гүлден босанған еді. Бірақ сәбидің айы-күні жеткенімен, бас сүйегі дамымапты. Қып-қызыл, керек десеніз, ми қабаты анық көрініп тұр. Алғашында жарық дүниеге тірі туып еді, бір-екі минөттен кейін жүрегі соғуын тоқтатты.

Өмірі мұндайды кездестірмеген дәрігерлердің өздері шошыды.

Әйткенмен Гүлден ештемеден бейхабар-тұғын. Тұмса неме толғақ бұғанда талықсып жүре берген. Әлі өз-өзіне келе алмай дел-сал. Ақ халаттылар үстіне төніп, барлық мүмкіндікті барынша пайдалануға тырысып, жан-тәндерін салуда.

...Гүлден дәруханадан сұлдерін сүйретіп үйге оралғанында келісті келбеті қуанданып, көзі шүңірейіп жүдеген еді. Марқа сойып, белі бекісін деп жас сорпа ішкізсе де, бір көтерілмей қойды. Бойын қайдағы жоқ әлсіздік

жайлап, дәрмені құриды да тұрады. Көп сөйлесе де шаршайтын тәрізді. Апасы мен атасының көзінше сыр бермей, күлген болады. Қайдан, көпті көрген қариялар ештемені қалт жібермейді. Жағыпар да жарының қасқабағына қарап, ауылдың ішіндегі ұсақ-түйек тоқ желілерін жөндеп, ұзамай жүр. Көбіне қасында.

Адайбектің қайғысы тағы да ұлғайды. Бірақ «әлі жас қой, талай немере сүйермін» деген жақсы ойдың сүресіне күдігін жеңдіре беретін. Шақшадай басы – алмағайып ойдың мекені. Соңғы кезде бес-алты қойын емес, сары уайымын бағатын сыңайы бар. Ер үстінде терең иірімдерге шомып кетеді де, әне-міне дегенше шығандағы жалғыз түп ежелгі серігі жыңғылға жеткенін де аңғармайды. Сосын қойын еріксіз кері қайырады.

Бүгін де жер-әлем дүр сілкініп, құлақ тұндырған дауыс тосыннан гүрсе ете қалды. Әуелгідегідей емес, мал екеш мал да бұған үйренген. Елең еткен біреуі жоқ, ащы жусанның түбін мылжалап жатыр. «Диірменде туған тышқан дүбірден қорықпайды» деген осы екен» деп ойлады шал.

Соңғы кезде Адайбекті де науқас айналдырып жүр. Жиі-жиі басы сынып ауырып, ежелгі белінің құянын ұмыттырып жібереді. Дегенмен, көңіл тоқ болса, анау-мынау осалдарына жеңіле қоймайды. Ұлы қарақанаттанып, келін әкелгеніне шаттанып, тізе, бел, жауырыны сырқырайтынды аяқсытып еді. Енді, міне, тағы да күйреп, опынып отыр.

Содан бері де үш-төрт ай аралады. Зүпін келінінің әр нәрсені тартына, дастархандағы дәмді шымқап аузына салғанын көріп, қуанып қалған. «Құдай бұйыртса бір жаман немені көрерміз» деген жақсы ниеттің далдасында жүріп, өткендегі тұңғыш немересінің шетінегенін онша елей қоймады. Әйткенмен, бір байқағаны – Гүлденнің мінезіне, жүріс-тұрысына болмашы өзгешелік еніпті. Ол қандай өзгеріс – әзірше жұмбақ.

Ана байғұс қуанса қуанғандай, келінінің бетіне нокта түсіп, құрсағындағы сәби айқындала бастады. Зүпін оның қарсы болғанына қарамай, қолының ұшын дәнемеге тигізбей, зыр жүгіруде. Гүлден кейде қараптан-қарап отырып ұялатыны бар. Енді қайтсін, апасының ындыны солай, оның мұнысына бөтен сөз айтып ешкім бөгет бола алмайды.

Аңқылдаған ананың жанын, әрине, Гүлден жасытқысы жоқ. Дегенмен, өмір ол ойлағаннан басқаша екен. Қарияларды қанша қуанышқа бөлеймін дегенімен, пешенесіне солай жазылған ба, адымы ашылмады. Екінші сәбиінде өзін күтіп, дәрігерге апта сайын қаралғанымен, болмады. Әбден уақыты жетіп босанған. Бірақ... шарананың бауыры мен бүйрегі сыртына бітіпті. Кәдімгі көрер көзге ап-анық, салбырап тұр. Ұл екен, амал қанша...

Гүлден жатса да, тұрса да сол бір көрініс елес беріп кетпейді. Сан мәрте түсінен шошып оянып, беталды ата жөнелгені бар. Атасы мен апасы «Құдайым-айлап» қаншама рет ұшықтады, ұшықтатты. Ештеме де дәру болмай, келіндері көбіне сүлесөк күй кешетінді шығарды. Оның бұл қылығын естіген ауыл ақсақалдары: «Қайтсін, екі қар түспей, екі құрсақ көтерді. Онысы анандай болды, соның татасы оңай дейсің бе, кімді де кілбиген халге душар етер» деп жұптесті.

Бүгін дауыл тұрып, жер-әлемді суырып барады. Биылғы қыстың қаһарына мінген соңғы дауылы шығар. Үілдеген, ызылдаған, ұлыған дыбыс.

Бұл боранның үскірігінен гөрі қабыржып, қобдланған үй иелерінің ішкі әлемі тәрізді. Мұндағы жыбырлаған адамдарға қарап тіршілік бар демесең, көр секілді сығырайған кішкене құжыраның ішінде өлі тыныштық.

Тосыннан есік ашылып, табалдырықтан аттаған басқарманың төбесі көрінді. «Ассалаумағалейкүм!» деп амандасып кірді. Адайбек әлік алды. Сосын Жағыпардың сәлем берген қолын ұстап тұрып басқарма:

– Сауын фермасының шамы сөніп, сиырлар сауылмай тұр. Соған бір лажын жасамасаң, тығырықтан шығатын түріміз жоқ, – деді өз тарапынан қайранның болмағанын жасыра алмай.

Жағыпар сөзге келмеді. Лездің арасында киіне қойып, керекті оны-мұнысын алып, басқармаға ілесе берді.

Расында да, желіні сыздаған жануарлар мазасызданып, гурдты басына көтере мәңіреп азан-қазан жасаған екен. Келген бетте бірден электр щитті қарады, бәрі орнында сияқты. Сосын трансформаторды ашып көрді. Ол да қаз-қалпында. Ендеше сырттан үзілген.

Дауыл күшеймесе бәсеңдемеген. Жағыпар осыған қарамай бағаналардың бойын қуалай ілгерледі. Бір-екі дінгектен өтісімен үзілген желінің үстінен дөп түсті. Беліндегі жалпақ ремен белдігіне шынжыр тағып, аяғына іскек темірін киді. Бөгелмей бағанаға өрмелей жөнелді. Қасындағы жолдасы үзілген сымды жалғауға кірісті.

Бағзы заманғы бөрененің түбі шіріп, тінінен айырылған еді. Дәнекүс діңі нойыс желдің үскініне зорға төтеп беріп тұрған. Оған тағы да жетпіс-сексен килограмм салмақ қосылған соң аужал бола ма, морт сынды. Айдаған долы желдің екпінінен сымдар үзіліп, от ұшқыны жарқ-жұрқ етті. Осы екі арада Жағыпардың да үрейден айқайлаған үні қабат естілді де, тарс еткен дыбыстың астарында қала берді.

Оның жазым болғанын біле қойып, серігі жанына ұмтыла жеткенінде Жағыпар ыңырысып жатқан-тұғын. Үстін басып құлаған бөрене осал жараламағаны белгілі. Тезірек дінгекке оралған шынжырды ағытып, зілмауыр батпанды аударып тастады. Аяғындағы іскек темір бөренеге біреу әдейілеп қаққандай бармақ басындай тереңдікке сұғына сіңген. Етігіне шандылып, таңылған жерінен зорға ажыратты. Сосын жалма-жан сауын орталығына жүгіре жөнелді.

Ауруханаға апарғандарында денеде жан болмаған. Қараңғыда ешкім байқамапты, шүйдесі жарылып ішіне кіріп кетіпті де, мандайы қақ бөлініпті. Езуінен болмашы қара қан аққан. Сау қабырғасы жоқ, әуелі біреусі өкпесін тесіп өтіпті. Аяғының жіліншіктері де уатылған.

* * *

Екі қолын желкесіне қойып, әңгіме тыңдап жатқан жігіт селк ете қалды. Қасіреттен іші уылжыды. «Не деген қарғыс атқыр өмір еді?» Тынысы

тарылып, кеудесі қысылғандай мазаң күй кешті. Еріксіз көкірегін кере ауыр дем алды.

Осы тұста шалдың да үні қанаты талған құстай бәсеңдеп, даусы саябырлады. Еріксіз тыңдаушысы жалт қарады. Иегі кемсеңдеп, бір тұтам сақалы тұштандай жөнелді. Аузы икемге келмей, нұрсыз жанарының аясына сора толыпты.

Миға біртін-біртін салмақ салған уытты уақыт сәл-пәл тым-тырыс қалыпқа еніп, қайта тыныштықтың іргесі сөгілді. Жігітке әлемнің бәрі «у-уһ» деп дүр сілкініп, серпілгендей сыңай байқалды.

– Бұл қасіретті естігенде, – даусы қарлығыңқырап, қатқыл шықты, – сорлы Зүпіннің табанының астында дүние шыр көбелек айналып, есінен танды. Менің де сақалымнан алты тарам жасым тамып, күйрей жығылдым. Өксідім, күңірендім. Құдайға да тілім тиді...

Иә, Құдайға да тілі тигені рас. Бірақ ол безерленіп, өлген ұлын тірілтіп бермеді. «Мұншама сорлататындай кепиетсінген жерім жоқ еді ғой. Сенің де аузың кепердей боп, жыланың бір жығылмайды екен» деп, Тәңірісін де жазғырды.

Гүлден астан да, тілден де қалған. Жылай береді, жылай береді. Бет-аузы күлдіреп ісіп, әдемі жүзі жұрынға айналған. Әсіресе мұрдені жер қойнына тапсырған күні оны көрші-қолаң да тани алмады. Тек ұзын бұрымынан ғана Гүлден екенін аңғаратын...

Ол сол күні кеш бата үшті-күйлі жоғалды. Ауыл тайлы-таяғымен іздеген, таппады. «Ақылынан алжасып, басы айналып, шығып кеткен шығар» деген дүдәмал уәж айтылады. Бірақ ертеңінде де, одан кейін де оны ешкім таба алмады.

Жолсапарларға орай Гүлденнің ағасы қазаға кешігіп келгенінде қарындасының тым құрымағанда күйеубаласының жетісін күтпегеніне бетімен жер басты. «Қариялардың көңілдері үшін қырқына дейін осында жүргенінде, олар да одан арыға ұстамас еді ғой. Баталарын беріп, ақ жол тілеп шығарып салмас па?»

Ағаны келгеннен бері көкейіндегі мазалаған сауал осы-тұғын. Бәріне өзі кінәлідей ұнжырғасы салбырап аттанды. Бірақ ол қарындасының ауруға шалдыққанын білмеген. Құрсағындағы нәрестенің түзілген ағзасымен қатар сан мыңдаған тамырларымен атом зобалаңы ана денесіне елеусіз тараған. Кейін ауруханадан боп-боз боп әлсізденіп шыққанында, бір дэзденген сырқат одан сайын меңдеді. Дерттің барлығы басқа шауып, ми қыртыстарында тұз қиыршықтары жинала бастады. Екінші рет аяғы ауырлағанда ол құбылыс үдей түсті. Оны Гүлденнің өзі де аңғара алмады...

Сіңірлеріне ілінген Адайбек ұлының қасіретінен кейін екі ай дегенде басын зорға көтеріп, аяғына мінді. Ал кемпірі пірге қол тапсырардай бүгжиіп, сұлкиген. Күрт қартайып, бурыл самайы айға жетпей әппақ құдай ағарған.

Шалдың да оңып тұрғаны шамалы. Сахарға салған сүйектей өңі құп-қу. Дем алса да, жүрсе де көкірегі көр татиды. Өйткені, өмірі жолы болмай,

ішінде қамырығы бар қағылған-соғылған тірліктің далдасында лағып барады. Үрген желге қарсы тұруға қауқар қайда?

Үйде өзін-өзі тұзақтағысы келмей, қойын айдап өріске беттеді. Сайын даланың самайынан сипап алдамшы сағым қашып барады. Күнде көзі көріп жүрген әр түп шиіне дейін таныс маң болғанымен, бүгін бәрі жат сияқты.

Баяғыда көктемнің нышаны білінсе жадырай жөнелетін түз әрі қашып, көтеріліп қаулай алмай булығытын сыңайлы. Бірақ бұл көзіне торта байланған Адайбек шалдың көңілімен қарағандағы әсер еді.

Өзінің ежелгі сырласына айналған жалғыз түп жыңғылға жетті. Өсімдік атаулы гүлдеп, төлежігенде бұл сидиып бүр жармай қалыпты. Жылдағы, бұтағы үйдің орнындай жерді алып ұйысқан тірлігі, биыл құрдымға кетерге ұқсайды.

Шал басын шайқады. Атынан түсіп, жыңғылдың бұтағын ұстады. Ылғалдық білінбейді.

– Әй, Тәңір-ай! – Қасында жан пенде болмаса да насыбайын алақанына салып үккен күйі өзіне өзі сөйлейді. – Жыңғылды қазақ сексеуіл сияқты отқа жақпайды. Қасиет тұтады. Сондықтан онымен малды да ұрмайды, қамшыға да сап етпейді. Тек біреу жазатайым күйіп қалса, күрегі мен балтасын әкеп, тамырын қазып, шауып алады. Оның сыртындағы батпағын тазалап жуып, қазанға салып қайнатады. Қайнағанда шай тәрізді қызылкүрең түске енеді. Соны суытып, сорбақта етіп күйген адамға тартса – ешқандай тыртықсыз жазылады-ау. Мұның қасиеттілігі осында. Кісінің кеудесінде жаны бар болса – отқа өртенсін, майға күйсін, суға күйсін – мың да бір ем. Сорбақтаны құрғатпай, жарты сағат сайын жарадардың денесіне құйып отырса, бір аптада бастапқы қалпына енеді.

Мұның бәрін кімге айтты, не үшін айтты – шалдың өзі білмейді. Тек адам үшін Тәңір жаратқан нәстені, адам өз қолымен улап, өлтіріп жатқаны жанына батады. Тән күйсе шипа болар жыңғылдың тамыры жарақаттанғанда адамның тарапынан шарапат емес, зауал жасалғанына қорланды.

Бес-алты қойы бытырап, алаңсыз күйі шөпті бырт-бырт үзеді. Бозторғай да қалпынша шырылдайды. Өне, әдеттегіше бүкіл дүниені солқылдатып Сарыөзек жақтан және бір состав келеді. Оған не артылғаны беймәлім.

Адайбектің есіне әкесін соғысқа шығарып салған кезі оралды. Ол уақта он үш-он төрттегі бала еді.

Шағын Сарыөзек стансасында адам ығы-жығы. Әлде бұған солай көрінді ме, әйтеуір, нөпір халықтың босып, анталағаны жадында.

– Осы жер – жолайырық, – деді әкесі сонда. – Енді бізді Құдай кездесуге рәсім етсе, табысармыз.

Тағы да көп сөздер айтты. Санасында сақталғаны жаңағы. Бірақ әкесі соғыстан оралмады.

Жыңғылдың түбінде әлі мелшиіп тұр. Ауыл жақ қою сағымның астында бұлдырап көрінеді. Аяқ астынан оны селк еткізіп, тағы да жер дүр сілкінді.

Гүрс еткен дауысқа құлағы тұнып, есеңгіреп қалды. Әйткенмен, бұл орта және жақын қашықтыққа қолданылатын зымыранның жоспар бойынша соңғысы жарылғанын білмеді...

* * *

Жігіттің шаршағаны айдалада қалды. Мынау азалы әңгіменің уыты оның ұйқысын қашырды. Айлы түнде, қазбауыр бұлттың астында алай-дүлей халге түсті. Қараптан-қарап шалға жаны ашыды. Өмірдің мәні ұрпақ жалғастыруда екенін ептеп топшылай бастады. Топшылады да өзінің сөлкекбай жүрісіне қарыны ашты.

– Содан, – ойын шалдың тарғыл-тарғыл даусы бөлді, – жұртта жалмауыз атанып, жалғыз қалдым. Кемпір де көп ұзамай құтты орнына барып қонды.

Ақыры, Арқа жаққа ұзатылған қарындасым туған бауырының соқа басын сопитып, жетім күйінде тастауға қимай, осында көшіріп алды. «Ата жұрттан кетпеймін» деп менің қарсыласқаным көнбеді. Жағдай солай, мынау оның екінші ұлы. Азын-аулақ малмен осында отырады. Мен, әйтеуір, бас-көзбін. Қалқиған бойымды сеп көргендеріне марқаямын. Адамның басы – Алланың добы. Дәм айдады, алты қиырдың ар жағынан бір-ақ шықтық. Баяғыда, – әңгіменің жаңа бір сорабына түскендігін байқатты, – бір ыңыршағы айналған кедей болыпты. Оның бір қызы, екі ұлы бар екен. Бұрынғы-соңғының жолымен қызын айттырып, өзі тектес қарашаның бірі құда түсіпті. Басқадай бекзаттардың арасынан ешкім таңдауын өзіне салмайтынын білгендіктен, кергімей құдандалыққа келісімін береді. Содан жыл ма, бір жарым жыл ма уақыт өткенде қызын шамасы жеткенше ұзатып, шығарып салады.

Араларында жорға жүретін екеуі де ауқатты адамдар емес, әйтеуір сырттай амандықтарын тілеп, күнелтіп жатады. Уақыт жылыстап өтіп, жылдар жылжи береді, жылжи береді. Ары-бері қатынаған елдерден мұның қызы барған үйдің әлденіп, жағдайлары түзелгенін естиді. Келесі жылдары одан да оңалғанынан хабардар болады. Арада тағы біраз жылдар өткен соң, тіпті, малы мыңғырған нағыз қаракөк бекзатылыққа жеткенін құлағы шалады. Енді көрші-көлеңдер:

– Ойбай, сорлы-ау, бүйтіп сорың қайнап жүргенше ана қызыңа барсаңшы, – дейді бұған көпе-көрнеу. Бұл үндемейді, сол ыңыршағы айналған кедей тірлігін күйттеп жүре береді. Күндердің күнінде «Қой, жұрт алып қаштырып қызымның барған жері жайлы неше түрлі айтады, барып, көзіммен көріп қайтайын. Берсе, оны-пұны нәпақа да ала келермін» деген ой жүлгесімен жолға жиналады.

Сіңіріне ілінген көк топайымен қанша жүргенін кім білсін, қитығына тиіп, жол соғып-ақ тастайды. Жолай ұшырасқан елдерден сұрастырып, әйтеуір дамылдамай жүріп келеді. «Ана-оу кезеңнен ассаңыз, сұраған ауылыңыз иегіңіздің астында қалады» деді соңғы жолығысқан көп малшының бірі.

Шынында да, құдасының ауылы бар салтанатымен алыстан көзге ұрады екен. Айбатты ауылға тура қасқайып баруға жұлым-жұлым сұрықсыз сиқынан именіп, ешкімнің көзіне көрінбей, шатаспай қызының үйіне тап түсуге бекінеді.

Осы мақсатпен өзі тектес жалшылардан күйеу баласының атын атап, үйінің қайсы екенін нұсқап жіберуін сұрайды. Өңшең жарбайлар қамшыларының сабымен дәл ортадағы жоян он екі қанат ақ орданы көрсетеді. Енді солай қарай беттейді. Қанша өз кіндігінен шыққан қызы болса да, мынандай паңдыққа қасқая тартуға дәті бармай қипыжықтайды. «Іргесіне келіп тұрып, кіре алмай кері қайтқаным тіпті ұят болар» деп, өзін-өзі қайрап, күшпен ілгері жүреді. Ақ ордаға таянғанда ши түбінде жүндес ала төбет жатады. Ол мұны көріп бір балп етіп үреді. Сұсынан сескене қарайды. Сөйтсе, бақ соның басына қонып тұр екен, соны байқайды.

Байлық пен барлықтың мысынан пысып, үйге үркесоқтай енеді. Төрде үлде мен бүлдеге оранып, бәйбіше болып отырған қызы Құдай идіргенде әкесін бірден тани қояды. «Әке!» деп орнынан атып тұрып, тұра жүгіреді. Құшақтасып көріскен соң, төрге әкеліп төрт қабат көрпенің үстіне жайғастырады. Үйде күйеу баласы жоқ, бір шаруалармен қырға кеткен екен.

– Ауыл-аймақ аман ба? Шешемнің халі қалай? Бауырларымның дені-қары сау ма?

– Аман-сау. – Әкесі самарқау жауап қайырады. Бірақ көкейінде «Барып, аман-саулығын өз көзіңмен көріп қайтуға құдіретің жетеді екен... «Өзі болған қыз төркінін танымас» деген осы-ау» деген ойы қылаңытты.

Салқын қымызды сіміріп, шөлін баса салысымен:

– Мен қайтамын, – дейді әкесі.

– Қайтқаныңыз не? Бір малдың басын жеп, бір-екі күн демалып аттанбайсыз ба?

– Жоқ, үйде шаруа көп. Тек анау қарала итті маған жетектетіп жіберсең болды. – Үйездеп, бір отар қой иірілген қотанды нұсқайды. Ит сол жаққа барыпты.

– Итіңіз не айтып отырған? Көрші-қолаңнан ұят емес пе? «Әкесіне ит жетектетіпті» деген әңгімеге қалармыз. Мал сойдырайын, содан кейінгісін тағы көре жатармыз.

Сол екі ортада иттің басындағы бақ, бір қара қойдың жотасына қоныпты. Осыны аңғарысымен:

– Жарайды, итті бұйымшылағаным ұят болса, анау шеткерідегі қара саулықты сойдыр, соған ризамын, – депті.

Дереу қызы қызметшілерге пәрмен беріп, әкесі нұсқаған малды ұстатып әкеліп, бата жасатып бауыздатыпты. Содан:

– Жолдан шаршап келдім, кішкене көзімнің шырымын ала қояйын, – деп жастыққа қисаяды.

Қызы тамақ әзір болғанда бір-ақ оятады. Көп-көрім тынайып, шал өзін сергек сезінеді. Қолын шайып, молдасоқынып төрде отырды. Түрулі тұрған есіктен сыртқа назар аударып, зер сала бажайлайды. Анандай жерде қазаннан бір қызметші әйел етті астауға салып әкеле жатыр еді, сусып тоқ ішектің жерге лып ете қалғаны. Осыны аңдып тұрғандай ала төбет әлгіні ерніне қыстырып, ала жөнелді. Бақ дәл сол ішекте тұр екен, қайтадан иттің басына қонды. Қаперсіз қалпы киіз үйдің іргесіне кеп бауырын жерге төсеп жатты да, несібесін ақырындап қылғытты. Сол уақытта бақ, үзік арқылы

туырылыққа шығып, туырылықтан түңілікке, түңіліктен шаңыраққа барып қонды.

Қызылсыраса да майы шынтағынан сорғалаған етті құлықсыз жеді.

Аллауәкпар айтты да асығыс аттанды. Кетерінде жиендерінің маңдайынан иіскеді...

Қария әңгімесін үзді. Ернінің астындағы насыбайды шырт түкіріп, шалқасынан сұлаған жігітке назар аударып еді, танауы пысылдап ұйқыға берілген екен. «Мен де ақымақ, жол соғып әбден дiңкелеген жолаушыны одан сайын қажытып, бос сөзбен басын қатырғаным не? Тұрлаусыз кептірме көкімем кімге қажет еді? Жаздың қысқа таңы да қылаң беріпті. Қой, одан да жирен атты суарып, ерттеп, ары-бері аяндап жүргізе тұрайын. Қиын тастасын. Тұра кеп шапқанында тығылып, қиналмасын. Жануарды соры қалыңдау жолға даярлап қояйын».

Бүгжең қағып, орнынан домалаңдай тұрды. Басы қалтаңдай әппақ сүттей түннің қойнына сіңе берді.

Тәтті ұйқының құшағындағы әлемде жалғыз әрі беймезгіл сөлкектей тіршілікті бастаған шерлі Адайбек шал еді. Кәрі саулықтың жасындай ғұмыры қалғанда кім үшін тырбанатынын өзі де білмейді.

Оқыстан жирен аттың оқыранғаны естілді...

* * *

...Уағдаласқан күндізгі 11.30-дың мөлшерінде атының терін сүмектетіп, кесімді жерге келіп тірелді. Көп күттірмей қойды бастағыш сұрқай ешкідей шоқалақтап, ескілеу алтыншы маркалы «Жигули» өзіне салды. Бұған қарай болғанда, жай қара жолдың сілемі солай. Қазір жанына таянып тоқтайды, одан өзіне таныс адам түседі. Күліп мұнымен амандасады.

Бұл тоқтаған жер – Қарағанды қаласының бір шеті. Жоғарғы жақтағы келісім осыны ұйғарған. Елеусіздеу адамдар күдіксіз көлікпен барады да, бұдан тауарды алады. Қолма-қол ақшасын қолына ұстатады. Ол жерде санасып, шот қағып есептеспейді. Әркім өз босағасына барып есеп-қисабын жүргізеді. Ары-бері аз-кем ауысып жатса, онда үндемейді. Ірі сүбелі мөлшерде еселері кетсе, жоғары жақ өздері ол мәселені шешеді. Мұның негізгі міндеті – аманат затты табыстап, ақшаны алады. Қаржы қолына тиісімен бөгелмейді, атына міне салып, тұра шабады. Ешқайда бұрылмайды, басқа бір қалтарыстарда оны өз адамдары күтіп тұр, сонда тартады. Әлгі жерге келіп, олармен жолығысып, өз үлесін алады да ақшаны тұтастай соларға тастайды. Осымен миссиясы аяқталады. Ендігі шаруа – қайтадан Шуға жету. Ойына алған ісі орындалғаннан кейін мың шақырымға жуық қашықтық онша қиынға соқпайды, онша жеңілге де түспейді. Кері сапарында жол бойы ат ауыстырған үйге аттың тері үшін жүз доллардан ұстатып отырады. Осынысына бола ми даладағы «лау» берушілер «жаушыны» асыға күтеді. Әрине, теңгені түсінде көретіндер, жан баласы жоқ Құдайдың мидай жазық даласында, әлдебір көлденең көк аттының қолдарына доллар ұстатқан кезінде оны қыдыр тұтып, періште санар.

Бәрінен, мойнына артылған жүктен құтылатынына қуанып тұр. Міне, қасына «Жигули» келіп тоқтады. Сол өзіне таныс бейне күлімсірей шықты.

– Келуіңмен!

– Рахмет.

– Түр-әлпетің бұзылып кетіпті ғой. Жол шаршатты ғой, шамасы.

– Иә.

– Қаншау мынау? – Мойнын созып, жирен аттың үстіне артылған жүкке қарады. – Төрт қап екен ғой. – Өз сауалына жауапты өзі қайырды. Сосын соңындағыларға иек қағып, – машинаға салыңдар! – деді. Кері бұрылды да орындықтың астынан шағын май-май дорбаны суырып алды.

– Сауда оң болсын! Мә!

– Айтсын!

– Сау болып тұр!

– Жақсы!

Лездің арасында бәрі жан-жаққа тарасып, көзден жасырынды. Тек әлгі орында, жиреннің тастаған тезегінде шыбын-шіркейлер ғана қайшалысып ұшып жүрді...

1993 жылғы қыркүйек